

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 мамырдағы N 649 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 19 желтоқсан N 1325

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің "ФУМЭКС" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 мамырдағы N 649 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 22, 221-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақта "өсімдіктерді, өсімдік текті өнімдерді және өзге де карантинге жатқызылған өнімдерді залалсыздандыруды және сараптама жасауды қамтамасыз ету" деген сөздер "өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласында іс-шаралар жүргізу" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін";

4 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) аса қауіпті зиянды организмдердің фитосанитарлық мониторингін";

2) тармақшада "карантиндік зиянкестерге, өсімдіктердің ауруларына және арамшөптерге қарсы іс-шаралар жүргізу" деген сөздер "карантиндік объектілердің таралу ошақтарын анықтау, оқшаулау, жою жөніндегі іс-шаралар жүргізу және карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру оның ішінде фумигациялау" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-1) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 2-3), 2-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-3) тіркеуге ұсынылған пестицидтерді (улы химикаттарды) өндірістік жағдайда сапасын анықтау үшін өндірістік сынақтан өткізу;

2-4) ауыл шаруашылығы өнімінде пестицидтердің (улы химикаттардың), нитраттардың, нитриттердің және ауыр металдар тұздарының қалдық сандары болуын тексеру".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК